

23 ТАМЫЗ,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№92 (23 561)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жаңару
жолында



Ел ертеңіне
сенімді қолдау



Абай әлеміне
саяхат



3-бет

6-бет

8-бет

• РЕСМИ

Зейнетақы ұлғайды

Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 2 трлн 451,4 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді. Оның ішінде базалық зейнетақы төлеуге – 793 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге – 1 трлн 658,4 млрд теңге қарастырылды.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері мәлімдеді. «2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 497 мың адам. 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикалық бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 143 097 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 95 491 теңге, базалық зейнетақы – 47 606 теңге», – деп жазылған ресми мәлімдемеде.

Ведомство биылғы 1 қаңтарда базалық зейнетақы төлемінің мөлшері Ұлттық Банк айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5%-ға, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, яғни, инфляция деңгейінен 2%-ға оза отырып, ұлғайтылғандығын еске салды. Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап, бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ына дейін, ең жоғары – 120%-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады. Мәселен, 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төмен мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 65%-нан 70%-ға дейін ұлғайтылды. Бұл 32 360 теңгені құрап, оның ең жоғары мөлшері ең төмен

күнкөріс деңгейінен 105-тен 110%-ға дейін арттырылып, 50 851 теңгені құрайды.

Министрлік 2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалатынын еске салды. Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ, міндетті зейнетақы жарналары төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады. Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, әлде мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ына тең болса, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Ал, егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 90%-ын құрайды. Еңбек өтілі 30 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде, яғни 110% белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.



Сурет шыққан жерінен

• ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жаңа бастамалар – жарқын келешек кепілі



«Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» тақырыбында Қарағанды облысы педагогтерінің тамыз конференциясы өтті. Білім беру жүйесінің өкілдері бас қосқан ауқымды жиында қатысушылар мектептерді жаңғырту, кадр даярлаудың кешенді тәсілдері, ұстаздардың біліктілігін арттыру, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы және білім беру жүйесін цифрландыру төңірегінде ой өрбітіп, өткен оқу жылында жеткен жетістіктер мен алдағы оқу жылының басым бағыттарын айқындады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тамыз конференциясында білім беру өкілдеріне арналған арнайы көрме ұйымдастырылды

Жиынға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Оқу-ағарту вице-министрі Асылбек Ахметжанов, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академия-

сының вице-президенті Анар Тәңірбергенова, «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы Қарағанды облыстық филиалының директоры Мейрамгүл Жетпісбаева, Назарбаев университетінің Жоғары білім беру мектебінің профессоры Гүлмира Қанай, QazTehna зауытының кадрларды даярлау жөніндегі инженері Жанетта Адаханова, ғылым және білім беру ұйымдарының өкілдері,

білім ошақтарының басшылары мен педагогтер қатысты.

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев педагогтерді тамыз конференциясының ашылуымен құттықтап:

– Бүгінгі жиынның тақырыбы «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» аталуы тегін емес, бұл еліміздің табысты болашағы үшін білім жүйесіне жүктеліп отырған нақты стратегиялық бағыт, – деді.

Жасанды интеллект оқу процесіне енгізіледі

Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Анар Тәңірбергенова еліміздің білім беру жүйесінде тәрбие жұмысының тұтастығына баса мән беретін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуді көздейтін «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асатын жобалармен таныстырды.

► 2-бет

• МӨЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Шөпте шығым, шаруада шара жоқ

Шаруалардың мазасы қашты. Жаңбырсыз жаз. Шығымсыз шөп. Осыны ойлаған шаруалар ойдың да, қырдың да шөбін орып жүр. Тіпті, шөп қорын жылдағы межеге жеткізе алмаған фермерлер малының жартысын сатып жіберіп жатыр. Шабындықтың тозуы ауыл шаруашылығы саласының алға озуына оңдырмай кедергі. Ал, мал азығын сатып алатын ауылдағы ағайынды шөп қымбатшылығы алаң да алаң күйге түсіріп отыр.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мысалы, Нұрадағы отар-отар Қарғалы қой тұқымын өргізіп отырған шаруашылық амалдап жүріп, мың тоннаға шөп маясын үйген. Ал, былтыр, шабындықтарға қардың суы мол жиналып, шөп шығымы жоғары болып, төрт мың тонна шөп жинаған. Содан қалған қор бар, биылғы шөп бар, бір жөні болар дейді шаруа

нелері. Соның салдары шаруашылық қой санын бірте-бірте азайтып келеді.

«Соңғы жылдары шаруаларға табиғаттың қабағына қарап, жұмыс істеу қиындап барады. Ауа райы бұрынғыдан қатты өзгерді десе болады, ашық тұрған күн күрт құбылып шыға келеді. Қазір де тамыз айы әдеттегіден жаңбырлы болып, пісіп тұрған егінді орып алуға қолбайлау болып тұр. Сондықтан, бәріне дайын



Коллаж жасаған Шығар Адамбаева

болған абзал. Біздің шаруашылық жылда шөптің басым бөлігін сол жайылмалы шабындықтардан дайындайды. Биыл су түспегендіктен ол жерлерге шөп шыққан жоқ. Биыл көлдер мен шағын көлшімектердің, тоғандардың етегіне шыққан шөпті айналыра шауып алуға тура келді», – дейді «Отқан-жар» шаруа қожалығының негізін қалаушы Қанат Отарбаев.

«Жер мал ұстағаннан тозбайды, керісінше, бос жатқаннан тозады», – дейді білікті агроном Қанат Жариясұлы. «Қой жарықтық ғасырлар бойы осы сайын даланы тұяғымен қопсытып, құмалағымен байытып, тұрақты экожүйені қалыптастыруға үлес қосып келе жатқан түлік.

► 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 626.43

• USD/KZT 537.75

• RUB/KZT 6.71

• CNY/KZT 74.92

Қазақстан Ұлттық Банкінің
22 тамыз, 2025 жылғы дерегі бойынша

Жаңа бастамалар – жарқын келешек кепілі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету жоспары іске асырылады. Сондай-ақ, еліміздің 17 аймағында ауыл мектебінің әлеуетін дамыту бойынша «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы қолға алынды. Оның ішінде тірек мектебі, шағын жинақты мектептерге басымдық беріледі. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында бейіндік сыныптар ашу да басым бағыт болып отыр. Барлық мектептерде педагог-кәсіби бағдар берушілер оқушыларға ерте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырмақ, яғни ерте жастан кәсіптік бағыт-бағдар беріледі. Сондай-ақ, педагогтерді аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізіліп жатыр.

– 2026 жылы «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жарияланады, соған байланысты білім алушыларды пән мазмұнына байланысты ізденімпаздық ғылыми жобаларға белсенді қатысуына қолдау көрсету – жаңа оқу жылының ерекшелігі болмақ. Биылғы оқу жылында ерекше назар аударатын жайт – жасанды интеллектіні оқу процесіне енгізу. ЖИ педагогті алмастыра алмайды, бірақ әр пән бойынша оқу процесін сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік беретін цифрлық көмекші құрал бола алады. Ұлттық білім академиясы ЖИ-ді оқу процесінде қолданудың интегралдық талаптарын басшылыққа алуды ұсынады. Білім алушылар академия әзірлеген ұсынымдармен қатар, академиялық адалдық ережесін әрбір білім беру ұйымдарында ұстануы тиіс, – дейді Ұлттық білім академиясының вице-президенті Анар Тәңірбергенова.

Қазіргі жаһандану дәуірінде әрбір педагогтің кәсіби дамуы – білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Бүгінде педагогтің кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптарды айқындайтын бағытты «Ұстаз» цифрлық платформасы жүзеге асырады. Аталған платформа білім сапасын арттыру құралы ретінде ұстаздардың аттестациядан өтуіне

Жаңа оқу жылынан бастап төрт мектеп жұмысын бастайды. Оның үшеуі «Келешек мектептері» жобасы аясында салынды. Бұдан бөлек, Қарағанды, Бұқар жырау және Шет аудандарында осы жоба бойынша тағы бес мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына дейін кезек-кезеңімен пайдалануға беріледі.

мүмкіндік береді. Осы орайда, сөз сөйлеген «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Қарағанды облыстық филиалының директоры Мейрамгүл Жетпісбаева педагогтердің біліктілігін арттыру – заман талабы екенін айта келіп, ұстаздарға биылғы аттестациядан өткізудің жаңа ережелерін таныстырды. Сондай-ақ, білім беру процесіне жасанды интеллектіні енгізілуіне байланысты «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ЮНЕСКО-мен бірлесіп, педагогтерге ЖИ-ді оқытуға арналған онлайн-курс әзірлегенін айтып, барша педагогтерді курстан өтуге шақырды. Қатысушыларға онлайн-сертификат берілетінін айтты.



Жаңа жобалар жүзеге асады

Тамыз конференциясында облыстың бүгінгі білім беру жүйесінің мән-жайы мен жаңа оқу жылында атқарылатын міндеттері туралы білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мейіржан Сыздықов баяндап, аймақта білім берудегі басым бағыттарды атады.

Айтуынша, өңірде жұмыс істеп тұрған мектептерді жөндеу, жаңғырту және жаңа білім ордаларын ашу ісі жалғасып жатыр.

– Жаңа оқу жылынан бастап төрт мектеп жұмысын бастайды. Оның үшеуі «Келешек мектептері» жобасы аясында салынды. Бұдан бөлек, Қарағанды, Бұқар жырау және Шет аудандарында осы жоба бойынша тағы бес мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына дейін кезек-кезеңімен пайдалануға беріледі, – деді облыстың білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мейіржан Сыздықов.

Білім сапасын арттыру мақсатында өңір мектептерінде материалдық-техникалық базаның нығаюына ерекше көңіл бөлінуде. Биыл 77 жаңа кабинетке қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды. Оның ішінде химия, биология,

шешімдер мен нақты әрекеттер кезеңіне айналуы тиіс. Бүгін қаралып жатқан мәселелер – жай ғана жоспар емес, оларды тиімді әрі жауапкершілікпен жүзеге асыруды талап ететін нақты міндеттер. Президентіміз елдің болашағы білімді, рухани бай және мәдениетті ұрпаққа байланысты екенін атап өтеді. Сондықтан біздің мақсатымыз – әрбір баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау, – деді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысының айтуынша, бұл мақсатқа жету үшін жыл сайын

мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты және Қ.Сәтбаев атындағы гимназия – республикадағы үздік олимпиадалық 100 мектептің қатарына енген.

Инклюзияға қолайлы жағдай жасалады

Бүгінде елімізде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту, қоғамға бейімдеу – мемлекет үшін маңызды міндеттердің бірі. Осы орайда, Қарағанды облысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолайлы әрі сапалы білім беру ортасын

толық қамтамасыз етуді тапсырамын. Сондай-ақ, 2026 жылы Темір-тауда аутизмі бар балаларға қолдау көрсету орталығын және Қарағандыда ақыл-ой дамуында ауытқуы бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернат ашу қажет. Бұдан бөлек, Бұқар жырау ауданының әкімдігіне білім басқармасымен бірлесіп, осы жылдың қарашасына дейін психологиялық-педагогикалық түзету кабинетін іске қосуды жүктеймін. Келер жылы осындай шаралар өңірдің барлық аумағында жүзеге асырылуы тиіс, – деді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Биыл қыркүйектен бастап облыстағы барлық арнайы мектеп-интернаттарға ресурстық орталық мәртебесі беріледі. Қазір инклюзияны қолдау бағытында небәрі екі облыстық ресурстық орталық жұмыс істеп тұр, ал күзге қарай олардың саны он екіге жетпек.

«Кітап оқитын ұлт» жобасы бастау алды

Қарағанды облысында жаңа ауқымды бастама – «Кітап оқитын ұлт» жобасы іске қосылады. Мақсаты – елімізде тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыру. Бұл бастама АМАНАТ партиясының қолдауымен жүзеге асырылмақ. Жобаға Қарағанды облысынан 45 мыңнан аса адамды қамту жоспарда бар. Оның ішінде мектеп оқушылары, студенттер, педагогтер мен ата-аналар және мемлекеттік қызметшілер бар. Олардың әрқайсысы алты ай ішінде 15 кітап оқуы тиіс. Жоба қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі. Кітаптар тізімі қатысушылардың жасы мен таным көкжиегіне сәйкес жасақталады. Облыстық деңгейдегі жеңімпаздар дипломмен, медальмен және ақпалай сыйлықпен марапатталады. Ең жоғарғы жүлде құны – 1 млн теңге.

– Басты мақсатымыз – қазақстандықтардың кітап оқу деңгейін жылына кемінде 10 кітапқа жеткізу. Байқау арқылы біз оқуда деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, кітапты мектеп кезінен бастап тұрақты әдетке айналдыруды көздеп отырмыз, – деді «Кітап оқитын ұлт – Читаящая нация» қорының атқарушы директоры Аян Сакошев.

Байқау қыркүйек айында басталып, қорытындысы 2026 жылдың наурыз айының соңында шығарылады.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев оқырман мәдениетін қалыптастыру, дамыту – өңірдің басты басымдықтарының бірі екенін атап өтіп, жобаны кідіріссіз жүзеге асыру қажеттігін айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оқу мәдениетін қалыптастыруды ұлттың прогрессивті ойлау жүйесінің негізі деп бағалады. Сондықтан, «Кітап оқитын ұлт» жобасын толық қолдап, кітапхана қызметін жетілдіру, оқушыларды, педагогтерді және ата-аналарды кітап оқуға шақыру өте маңызды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жыны соңында Қарағанды облысының үздік педагогтеріне және білім саласының басқа да қызметкерлеріне мемлекеттік және салалық наградалар, Құрмет грамоталары мен төсбелгілер, министрлік Алғыс хаты табысталды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



мобильді қосымша іске қосылды. Сондай-ақ, әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы 10 мың оқушыға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сатып алу үшін әр балаға 46 228 теңгеден қаржылай көмек берілді.

Мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасау, олардың мәртебесін арттыру және біліктілігін жүйелі түрде жетілдіру де назардан тыс қалмады. Бүгінде аймақта 24 мыңнан аса педагог бар.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Білім берудегі өзгерістердің 1 000 көшбасшысы» жобасы аясында басқарушы кадрлар резервін қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Соңғы екі жылда 10 педагог іріктеу кезеңдерінен сәтті өтіп, басшылық қызметтерге тағайындалды. Биыл осы жоба бойынша 12 үміткер кәсіби деңгейден өтуде. Сонымен қатар, жаңа оқу жылынан бастап директорлық кадрлық резервті қалыптастыруға бағытталған «Болашақ басшы» жобасы басталады, – деді Мейіржан Жәкешұлы.

Осы мақсатта барлық білім беру деңгейіне арналған «Білім берудегі өңірлік көшбасшылық: инновациялар және жасанды интеллект» атты модульдік оқыту бағдарламасы әзірленген.

– Жаңа оқу жылы жүйелі

қомақты қаражат бөлінеді. Биылғы облыстық бюджеттің шамамен 48 пайызы білім саласына бағытталған.

Жетістік – білім сапасының айғағы

Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасының көрсеткіші оң өсімге ие болған. Айталық, биыл облыста «Алтын белгі» иегерлері былтырғы жылдан тыс қалмады. Бүгінде аймақта 83-ке көбейіп, үздік аттестат алғандар саны да 109-ға артқан.

– Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша «Диджитал Математика» жобасының арқасында математика пәнінен білім сапасы 7-12 пайызға өсті. Сонымен қатар цифрландырудың негізгі құралдарының бірі – Bilimal-Test платформасы. Қазір оған облыстың 302 мектебі қосылған. Бұл жүйе ҰБТ-ға дайындықта ғана емес, оқушылардың білімін тұрақты бағалауда да кеңінен қолданылады, – деді облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мейіржан Сыздықов.

Қарағандылық оқушылар биыл республикалық және халықаралық деңгейде жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Сонымен қатар, облыстың төрт бірдей мектебі – №1 және №2 «Білім-инновация» лицей-интернаттары, Н.Нұрмаков атындағы

қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Облыстың білім басқармасының міндетін атқарушы Мейіржан Сыздықовтың айтуынша, қазіргі таңда өңірде мұндай балалардың 85 пайызы психологиялық-педагогикалық қолдау мен ерте түзету қызметтерімен қамтылған. Мұны одан әрі кеңейтіп, арнайы білім беру ұйымдарының санын көбейту – бүгінде өзекті мәселелер қатарында.

Жаңа оқу жылында Қарағанды қаласындағы №4 мектеп-интернат ақыл-ойының дамуы жеңіл және орташа деңгейде бұзылған балаларға арналған төрт арнайы сынып ашылады. Дәл осындай сыныптар №1 арнайы мектеп-интернатында да жұмыс істейді.

2026 жылы Қарағандыда ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған он бірінші арнайы мектеп-интернаттың ашылуы жоспарланған.

Бүгінде облыста Аутизм орталығы жұмыс істеп тұр. Орталық жыл сайын шамамен 400 балаға көмек көрсетеді. Алайда, өңірде осындай тағы бір орталық ашу қажеттілігі туындап отыр.

– Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді әрі сапалы білім беру ортасын құру – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Жыл соңына дейін барлық білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды қажетті жағдайлармен



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жаңару жолында

Шет ауданы бүгінде жаңару жолында. Мұнда жаңа үйлер бой көтеріп, әлеуметтік нысандар іске қосылып, тұрғындар көптен күткен инфрақұрылым игілігіне қол жеткізе бастады. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жұмыс сапары барысында ауданның бірқатар ауылдарында жүзеге асқан және алдағы уақытта іске асатын жобалар таныстырылды. Сонымен қатар, аймақ басшысы тұрғындармен ашық диалог өткізіп, өзекті мәселелерді көзбе-көз тыңдады. Жаңа таунхаустар, заманауи фельдшерлік пункт, салынып жатқан мектептер, жол және ауызсу, газдандыру, жарық пен жанармай секілді өзекті сұрақтардың бәріне нақты жауап берілді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезекте тұрғандардың қуанышы

Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы кентінде кезекте тұрған азаматтарға арналған 88 пәтерлік заманауи таунхаустардан тұратын жаңа шағынаудан бой көтерді. Аталған жобаның арқасында ауданның тұрғын үй мәселесі біршама шешімін тауып отыр. Қазіргі таңда аумақты абаттандыру жұмыстары да аяқталуға жақын.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жаңа үйлер орналасқан «Құмжон» шағынауданына арнайы барып, баспаналармен танысты. Ол әр отбасы үшін жеке тұрғын үйдің маңызын атап өтіп, бұл жұмыстардың әлі де жалғасатынын жеткізді.

Көпбалалы ана Қызғалдақ Түсіпбекова – жаңа пәтердің кілтін алған тұрғындардың бірі.

– Бұрын ата-анамызбен бірге тұратынбыз. Өзіміздің жеке баспанамыз болмай, қиналып жүрдік. Енді, міне, жаңа, кең, жарық әрі жайлы пәтерге қоныстандық. Балаларым қуанып жүр. Өз үйіңнің болғаны – үлкен бақыт. Қазір жиһазымызды орналастырып жатырмыз, – деді ол.

Барлық салада серпін бар

Аймақ басшысының сапары аясында Нұраталды ауылдық округінің Ақсу ауылында жаңадан бой көтерген фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) ғимараты да таныстырылды. Бұл нысан қай-



тарылған активтер есебінен салынған.

Жас дәрігер Көркем Мұратова жуырда Астанадан келіп, осы ФАП-қа қызметке орналасқан.

– «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы арқылы Ақсу ауылына бір апта бұрын келдім. Мұнда 227 тұрғын бар. Бұрын мейірбике ғана қызмет көрсетсе, енді жалпы тәжірибелік дәрігер ретінде күнделікті қабылдау жүргіземін. Жаңа ФАП емшара, егу, қарау бөлмелерімен толық жабдықталған, – деді ол.

Сонымен қатар, былтыр аудан бойынша осындай 12 медициналық нысан пайдалануға берілсе, 2025 жылдың соңына дейін тағы 7 нысанның құрылысы аяқталады деп жоспарланып отыр.

Сапар барысында облыс әкімі Ақсу-Аюлы кентіндегі 300 орындық жаңа мектептегі құрылыс барысымен танысты. Қазіргі уақытта нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жаңа мектеп заманауи талаптарға сай салынып, оқушыларға ыңғайлы білім беру ортасы қалыптасты.

Сонымен қатар, Сәкен Сейфуллин кентінде 200 орындық мектептің құрылысы да қарқынды жүріп жатыр.

Қауіпсіздік мәселесі де басты назарда. Әкім жаңа полиция тірек

пунктінің жұмысын көріп шықты. Бұл нысан ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған.

Аудандық Мәдениет үйі алаңында көгалдандыру, жарықтандыру және сахна орнату жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ермағанбет Бөлекпаев бұл аумақтың көркейіп, тұрғындарға қолайлы қоғамдық кеңістікке айналуы – ауданның келбетін өзгертіп, өмір сапасын арттыруға ықпал ететінін айтты.

Кездесудегі келелі мәселелер

Сапар аясында аймақ басшысы аудан халқымен ашық форматта жыл сайынғы дәстүрлі кездесу өткізді. Тұрғындар жиндада өзекті мәселелерді ашық айтып, нақты жауап алды.

Көтерілген мәселелер қатарында ауызсумен қамтамасыз ету, электр жарығының тұрақсыздығы, газдандырудың кешігуі, жанармай құю бекеттерінің тапшылығы, ауылшілілік жолдардың сапасы, мектептер мен көпірлердің жағдайы, спорттық инфрақұрылым қажеттілігі бар.

Нақтырақ айтсақ, 2024 жылы ауданның жеті елдімекеніне орталықтандырылған ауызсу тар-

тылған. Биыл тағы төрт ауылға су жеткізу жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар, халық саны аз жеті елдімекенге кешенді блок-модульдер орнату жоспары бар.

Бұдан бөлек, Үңірек ауылының тұрғындары тозығы жеткен ескі су мұнарасын жедел жөндеуді сұрады. Аймақ басшысы бұл мәселе бақылауда екенін айтып, тиісті қаржы қарастырылғанын жеткізді.

Ал, Жарық станциясы мен Сәкен Сейфуллин кентінің тұрғындары бірнеше жылдан бері күтіп жүрген көгілдір отынға қосылу мәселесін көтерді.

– Газды үйлерге жеткізу мен магистральды құбыр тарту – екі бөлек мәселе. Қазір барлық конкурстық рәсімдер аяқталып, мердігерлер анықталды. Жақын арада жұмыс басталады. Қаржыландыру қарастырылып жатыр, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жарық станциясындағы ескі жанармай құю станциясының жабдылуы жергілікті жүргізушілерге үлкен қолайсыздық тудырған. Әкім мұндай ауылдарға автоматтандырылған бекеттерді орнату ұсынылғанын, егер өтінім берілсе, мәселе шешілетінін жеткізді.

Сонымен бірге, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Шет ауданындағы 13 елдімекенде жолдар жөнделуде. Жалпы ұзындығы 50 шақырымнан астам жолға асфальт төселеді.

Кездесуде бұқаралық спортты дамыту да назардан тыс қалмады. Ақсу-Аюлы ауылында жабық бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатыр. Мұндай заманауи нысанды Ақалды тұрғындары да күтіп отыр.

– Спорт кешенін салу жоспарда бар. Бірақ, алдымен аса маңызды мәселелер – мектептер мен көпірлерді жөндеу – басымдыққа ие, – деді облыс әкімі.

Түйін

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сапар соңында аудан тұрғындарын жеке қабылдап, нақты өтініштерін тыңдады. Кездесу барысында барлық сұрақтар хатталып, тиісті басқармаларға тапсырмалар берілді. Әр өтініш пен ұсыныстың ескерусіз қалмай-тынын айтты.

Шет ауданында басталған жұмыстар – облыстың шалғай аудандарын кешенді дамытуға бағытталған нақты қадам. Жаңа шағын аудандар, медициналық және білім беру нысандары, жол мен ауызсу жүйелері – мұның барлығы жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЕҒІС – 2025

Меже – миллион тонна

Қарағанды облысында егін жинау науқанына дайындық аяқталуға жақын. Алдын ала болжам бойынша, өңір диқан-дары биыл 946 мың тонна астық, соның ішінде 817 мың тонна бидай жинауы тиіс. Осакаров ауданында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен алқалы жиында жиын-терімге дайындық пен ауыл шаруашылығын қолдаудың өзге де маңызды шаралары талқыланды.



Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстағы ең ірі астық өндіруші өңір саналатын Осакаров ауданы биылғы маусымда 449 мың тонна дәнді дақыл, 25 мың тонна картоп және 64 мың тонна майлы дақыл жинауды жоспарлап отыр. Осы жиынның барысында білгеніміздей, егістік көлемі бойынша облыста екінші орында тұрған Нұра ауданы биыл 303 мың тонна астық, 36 мың тонна картоп және 13 мың тонна майлы дақыл жинаудан үмітті.

– Басты міндет – егін жинау науқанын сапалы және уақытылы өткізу. Көктемде ауа райының құбылмалы болғанына қарамастан, барлық жоспарланған алқаптар игерілді. Жаз бойғы жауын егін түсіміне оң ықпалын тигізуі тиіс, – деді жиын барысында Ермағанбет Қабылдаулы.

Жинаған өнімді сақтау үшін облыста жалпы сыйымдылығы 145 мың тонна болатын төрт лицензияланған астық қабылдау кәсіпорны және 340,2 мың тоннаға арналған 138 картоп және көкөніс сақтау қоймалары жұмыс істейді. Жыл соңына дейін астық қоймаларының сыйымдылығы тағы 18 мың тоннаға, ал көкөніс сақтау қоймаларының сыйымдылығы 12 мың тоннаға артады.

– Биыл 265,2 мың тонна картоп, 38,5 мың тонна көкөніс жинаймыз ба деп отырмыз. Егін жинауға шамамен 2 мың астық жинайтын комбайн, 220 картоп жинайтын техника және 162 картоп қазғыш жұмылдырылады, – деді облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әнуар Төлеубеков.

Осы күндері Осакаров, Нұра, Абай және Бұқар жырау аудандарының кейбір шаруашылықтарында егін жинау жұмыстары

басталып та кеткен. Қазірдің өзінде 5,3 мың гектар дәнді дақыл жиналып, 4,4 мың тонна астық бастырылды. 240 гектардан 5,4 мың тонна картоп жиналды.

Диверсификация бағдарламасы аясында майлы және мал азығы дақылдарының егіс көлемі арттырылған.

– Былтыр алғаш рет құнбағыс өсіруді бастап, жақсы өнім алдық. Биыл майлы дақылдардың егіс көлемін 3 500 гектарға дейін ұлғайттық. Бұл дақылға сұраныс сай дайындап, астық сақтау қоймаларын, кептіргіштерді әзірлеп, алқаптардан астық тасымалын тиімді ұйымдастыру қажет. Қосымша дизель отынын дайындау керек. Ең бастысы – жұмыстың бәрі тап-тұйнақтай жасалуы тиіс. Үлкен-кіші шаруашылықтардың бәріне бірдей қолдау көрсетілісін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев жиынның қорытындысында.

Өңір басшысы аудан әкімдеріне, ауыл шаруашылығы басқармасына егінді сапалы жинау, техниканы дайындау, дизель жеткізу, 2026 жылға тұқым дайындау мәселелері бойынша көмек көрсетуді тапсырды. Картоп пен басқа да көкөністердің тұрақтандыру қорын қалыптастыру бойынша меморандумды пысықтау, тыңайтқыштар мәселесін шешу қажеттігін еске салды.

Осакаров ауданы

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЭНЕРГЕТИКА

Ұлттық жоба жаңғыртуды көздейді

Арқа алабында еліміздің энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері егжей-тегжейлі талқыланды. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» атты Ұлттық жобаны іске асыру мәселелері бойынша ауқымды семинар-кеңестің бас мақсаты – саланың өзекті жайттарын сарапқа салып, ұлт жобасын мейлінше тиімді жүзеге асыру жолдарын қарастыру болды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Семинар-кеңеске Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, сондай-ақ, бірқатар ірі даму институттары мен ұлттық компаниялар – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамдарының өкілдері, Ұлытау облысының делегациясы қатысты.

– Бүгінгі күні тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы басты мәселелердің бірі – инфрақұрылымның қатты тозуы дер едік. Орташа тозу деңгейі 50%-дан асады. Мұндай жағдайдағы инфрақұрылым-

мен өнеркәсіпті дамыту да, ұзақ мерзімді экономикалық табысқа қол жеткізу де мүмкін емес екені түсінікті. Осы мәселені шешу мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша энергетика және коммуналдық секторларды жаңғыртуға бағытталған Ұлттық жоба іске асырылуда. Жоба аясында инженерлік инфрақұрылым мен генерация нысандарын жаңартуға ірі көлемде инвестиция тарту көзделіп отыр, – деді Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы Тимур Қосымбаев.

Спикердің сөзінше, Сарыарқа – табиғи монополиялар субъектілері ең көп шоғырланған жер. Ал, инфрақұрылымының тозу деңгейі 65%-дан асқан. Барлығы 12 субъект. Міндет – Ұлттық жобаны іске асырылу жай-жапсарын түсіндіру. Көш басындағы кәсіпорындар да бар. Сап басын-



да «Қарағанды Жарық» серіктестігі тұр. Одан кейін Теміртауды жылумен қамтитын «Оқжетпес Т» кәсіпорны бар. Жобаны іске асырудағы алғашқы кезең қаражат көздерін пысықтау. Жүйелі жұмыс әр облыс шеңберінде жүреді. 2025-2029 жылдар аралығында 13 трлн теңгеге жуық қаражат игеру көзделді.

Семинар барысында қатысушыларға Ұлттық жобаны іске асырудың негізгі бағыттары бойынша жан-жақты түсініктемелер ұсынылды. Сарапшылар мен уәкілетті органдардың өкілдері жоба аясындағы негізгі үдерістер мен кезеңдерге кеңінен тоқталып, оның іске асу механизмдерін нақтылап өтуді тура

көрді. Атап айтқанда, жобаларға өтімдер беруден бастап, қаржыландыру тетіктерін алу жолдары, мердігер ұйымдарды ашық және әділ іріктеу, инфрақұрылым нысандарын жаңғырту барысы, сондай-ақ, жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға мониторинг жүргізу жүйесі секілді барлық кезеңдер бойынша өзекті әрі практикалық

маңызы бар ақпараттар қатысушылар назарына ұсынылды.

Спикерлер ұлттық жобаның тиімділігі тек мемлекеттің қолдауымен ғана емес, жеке сектор мен қаржы институттарының белсенді қатысуына тікелей байланысты екенін атап өтті. Осы ретте даму институттарының жобаларды қолдау құралдары, жеңілдетілген несиелеу мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тетіктері жеке-жеке талқыланды.

Ұлт жобасы – ұлы іс. Іс-шара қорытындысында қатысушылар нақты ұсыныстар мен бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, ұлттық жобаны іске асыруда барлық мүдделі тараптардың тығыз ынтымақтастығы қажет екендігі атап өтілді. Аталған семинар-кеңес энергетика мен тұрғын үй-коммуналдық салада жүйелі өзгерістер жасауға бағытталған маңызды диалог алаңы ретінде бағаланып отыр.

СҮРЕТТЕ: «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» атты семинар-кеңестің өту барысы

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Ауылдың тынысы ашылады

Ауылды дамыту, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру – мемлекеттің стратегиялық міндеті. Осы мақсатта 2019 жылдан бері «Ауыл – ел бесігі» жобасы іске асырылып келеді. Бағдарламаның басты міндеті – ауылдардың даму әлеуетін анықтап, оларды республикалық бюджет есебінен қаржыландыру, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын жаңғырту. Сол арқылы тұрғындарға қолайлы өмір сүру жағдайларын жасау – басты назардағы міндет.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы ауылдарды кешенді дамытуға бағытталған. Жоба аясында тек құрылыс немесе жөндеу жұмыстары ғана емес, сонымен қатар, ауыл тұрғындарының әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады.

Дамуға әлеуеті бар ауылдар республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Қаражат әр бағыт бойынша: әлеуметтік салаға, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуға жұмсалады. Әрбір жобаның нақты жоспары жасалып, ауылдың мұң-мұқтажы ескеріледі. Жобалар орындалған кезде уақытша және тұрақты жұмыс орындары пайда болып, ауыл тұрғындарының белсенділігі артады. Бағдарлама мәдениет, спорт, білім беру және тұрғын үй-коммуналдық салаларын қамтып, ауылды заманауи орынға айналдырып, жергілікті тұрғындарға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Бағдарлама аясында өткен жылы облысымызда 29 жоба іске асырылды. Бұқар жырау ауданы Доскей және Үштөбе ауылдарында мәдениет үйлері пайдалануға беріліп, Бұқар жырау ауданы Ғабиден Мұстафин кентінде және Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінде екі дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды.

Ғабиден Мұстафин ауылында бой көтерген «Арлан» спорт кешені – осы бағдарламаның айшықты көрінісі. Есігін айқара ашқан спорт кешені бүгінде 9 түрлі спорт бағыты бойынша жұмыс жасап, 500-ге жуық жас спортшыны тәрбиелеуде. Мұнда 11 жаттықтырушы жеткіншектерді шынықтырады.

Бағдарлама аясында ашылған спорт кешені ауыл өміріне оң септігін тигізді. Жас спортшылар спортпен айналысып, саламатты өмір салтын дәріптесе, ата-аналар мен ауыл тұрғындары үшін де оңтайлы шешім болды. Алдағы уақытта бағдарлама аясындағы қолдаудың ықпалымен біздің сайыпқырандарымыз халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысу мүмкіндіктеріне ие болып, аймағымыздың спорт саласының дамуына оң септігін тигізеді, – деді спорт кешенінің басшысы Ернарзат Баткенов.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында біршама ауылдың инфрақұрылымы жаңартылып, тұрғындардың тұрмыс сапасы артып келеді. Осакаров ауданы Қаракөл ауылы, Бұқар жырау ауданы Доскей және Трудовое елді мекендерінде 59 шақырым су құбыры желілері салынып, қайта жаңартылды. Ауыл тұрғындарының таза суды тұрақты әрі сенімді пайдалануы үшін жол ашылды. Сонымен қатар, 23 ауылда 93,8 шақырым кентішілік жол жөнделіп, 139 уақытша жұмыс орны құрылды. Жөнделген жолдар ауыл тұрғындарының жұмысын жеңілдетіп,



ауыл шаруашылығы өнімдерін нарыққа жеткізуге мүмкіндік берді.

Өткен жылы бағдарламаның қаражатына 29 жоба іске асырылды. Ауылдарда су құбыры желілері салынды. Ауылдардың жолы жөнделді. Биылғы жылға бюджет тарапынан 8,4 млрд теңге бөлінді. Ол қаражатқа 31 жобаны іске асыруды көздеп отырмыз, – деді Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының аймақтарды дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Қайратқызы.

Қазіргі таңда Нұра ауданы Нұра кентінде Өнер үйінің құрылысы, Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Ақтоғай ауданы Сарышаған кентіндегі мектеп-интернаты ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жалғасып келеді. Бұқар жырау ауданы Қушоқы кенті және Қарқаралы ауданы Көктас ауылында спорт кешендері, Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында жабық бассейн ғимаратының құрылысы басталды.

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласында Ақтоғай ауданы Шашубай кентінде қазандық салу және Шет ауданы Красная Поляна ауылында су құбы-

ры желілерін қайта жанарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, 22 ауылда кентішілік жолдарды орташа жөндеу жұмыстары арқылы 90,5 шақырым жол жаңартылмақ.

Сәуле Қайратқызының айтуынша, биылғы 30 елді мекенді қамтыған 31 жобаның ішіне: білім беру саласында 1 жоба, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында 2 жоба, мәдениет және спорт саласында 6 жоба, ал 90,5 шақырым жол жөндеу бойынша 22 жоба бар. Жобаларды іске асыру кезінде әр ауылдың ерекшелігі ескеріліп, қаражат тиімді пайдаланылмақ.

Ауылды дамытуға арналған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы ауылдық өмірді жақсартып қана қоймай, тұрғындардың тұрмысын түбегейлі жаңғыртады. Әрбір жаңа мектеп, спорт кешені, жол немесе су құбыры – ауылдың тіршілігіне жаңа серпін береді. Осылайша, бағдарлама ауылды тек көркейтп қана қоймай, еліміздің де әлеуметтік және экономикалық әлеуетін арттырмақ.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Балық – онлайн бақылауда

Тамыздан бастап балық шаруашылығы субъектілерін E-fish ақпараттық жүйесінде міндетті тіркеу туралы түзетулер күшіне енді. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түзетулер «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға енгізілген өзгерістер аясында жүзеге асырылды. Енді балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар балықтар мен өзге де су жануарларын мониторингтеу бойынша ақпаратты E-fish жүйесінде тіркеп, қажетті деректерді уақытылы енгізуі тиіс.

E-fish жүйесі бытыр пилоттық режимде іске қосылған. Оның негізгі мақсаты – есепке алу, рұқсат беру құжаттарын рәсімдеу, балық ресурстарының өндірілуі мен айналымын бақылау үдерістерін автоматтандыру және саланы тиімді басқаруға арналған бірыңғай деректер базасын қалыптастыру.

Жүйе нақты уақыт режимінде балық аулау, тасымалдау және өткізу барысын қадағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, статистикалық мәліметтердің нақтылығын қамтамасыз етіп, бизнестің әкімшілік жүктемесін азайтады.

Балық шаруашылығы субъектілері енді уәкілетті органға есептілікті қашықтан тапсыра алады, сондай-ақ, электронды өндірістік журнал жүргізуге қол жеткізеді.

Қазіргі уақытта E-fish жүйесі «Е-лицензиялау», «АСТАНА-1», «E-Agriculture» секілді бірқатар мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланған.

Мамандардың айтуынша, бұл бастама балық шаруашылығын цифрлық трансформациялау жолындағы маңызды қадам.

Шөпте шығым, шаруада шара жоқ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қой өсіру – ел келешегі. Айналып келгенде, қой бағудан әлі де қашпаймыз. Кім біледі, біздің де, қойдың да жарқын келешегі алдағы күндердің еншісінде шығар. Тек, мемлекеттік жобалар дұрыс бағыт алып, шаруаларды қолдаса», дейді Қанат Отарбаев.

Ақтоғай ауданының шаруа иелерін де қуаншылық қос бүйдірден қысып отыр. «Жаңқұтты» шаруа қожалығының басшысы Азамат Ордабаевтың жеке меншігінде 4000 гектарға жуық жер бар. Өкінішке қарай, екі-үш жыл болды, бір фермердің жерін бірлесіп, шауып отыр. Шөпті тең бөліп алады. Шабындығы шаруа қожалығынан 45 шақырым жерде.

Амал жоқ, осы кәсіпті таңдаған соң, тауқыметіне шыдаймыз. Өзімнің іргемде жеткілікті жер бар. Бірақ, қу тақыр. Биыл жылдағыдан ерекше. Сол себепті, Қызыларай ауылына барып, шауып жатырмын. Алыс. Оның шығына да, бейнеті де бар. Сонда да биылғы қысқа қорқыныш бар. Жылқы қолға қарап қала ма деген де қауіп бар. Бір ғана амал, малымды сатып жатырмын, – дейді шаруашылық жетекшісі.

Ақтоғай ауданындағы ауылдарға шөп сатылымға шықты. Шөбі құнарлы өскен шаруалар 200-250 келілік рүлонды 13-15 мың теңгеге өткізіп жатыр. Шет ауданында әзірге 10 мың теңге. Ал, бір поппы шөпті 250-300 000 теңгеге сатып жатыр. Бір айта кететін, шөп саудасы бытырғандай қызу емес. Әзірге баяу көрінеді. Шөпшілер тапсырыс көп дейді, бірақ дала шөбінің жұтандығына байланысты алдын ала ақшасын алмауда.

«Жерді аздырмай, тиімді пайдалану, мал санын ретке келтіру үшін биліктің де, шаруаның да жауапкершілігін көтеріп, міндет-



Сурет ашақ. дарамаев

терін бекіту мақсатында Жеке қосалқы шаруашылық туралы заңды шұғыл қабылдау керек, әйтпесе таяу жылдары қазіргі ауыл маңы жерлерінің қу тақырға айналуы үлкен апатқа айналады», деп отыр ауыл шаруашылығы саласының сарапшысы Никанбай Омарханов.

«Мал азығы тапшылығы кенеттен келген нәубет емес, бұл біраз жылдан бергі бар мәселе. Мал басының есепсіз көбеюі, төрт түлік мал ұстаудағы тепе-теңдіктің жоғалуы, ұйымдасқан мал бағымының жоқтығы, жерді рационалды пайдалану механизмінің жойылуы, соның салдарынан табиғи шөптің азаюы, жер деградациясының ұлғаюуы, ең бастысы облысымыздағы 300 мың гектардан астам қопжылдық екпе шөптер алқабының тозып, өнім бермеуі сияқты тізбекті мәселелер

бүгінде мал азығы тапшылығына жеткізді. 2023-2025 жылдарға болжанған және климаттың өзгеруімен дәл келген құрғақшылық жағдайды одан сайын ушықтыра түсті. Бұрынғы кездерде 1,5-2 жылдық мал азығы қорын жинауға басымдық берілетін, ол кездерде суармалы жерлер арқылы пішендеме сияқты құнарлы мал азықтары дайындалса, сабан мен жемдік дақылды араластырып қормоцехтар арқылы пісіріп малға беретін. Жыл он екі ай тамағы тоқ мал да өнімді көп беретін, аурудан аман болатын, қазір малдың да тұқымы азып кетті, өнім өткізуде қиындап кетті. Азық болмаған соң ел де малды жаппай сатып жатыр», – дейді агросарапшы.

Сарапшы Никанбай Иманғалиұлы Үкімет қопжылдық шөптер алқабының тұқымына, гектарына

субсидия төлеу арқылы бір жыл көмек көрсетіп шабындықты, жайылымды қалпына келтіруге жағдай жасаса, шаруалардың 8-10 жылдық мәселесін шешіп бере алатынын және айтып отыр. «Ол үшін суармалы жер алқаптары ұлғайту керек. Ұйымдасқан жұмыстар жасау үшін ауылдарда ауылдық тұтыну кооперативтерін ашу қажет», дейді.

Облыста ауыл шаруашылығының жер көлемі 11 932,4 мың гектар. Оның ішінде егістік – 1201,3 мың гектар, босалқы – 312,4 мың гектар, шабындық – 312,2 мың гектар, жайылым – 9 865 мың гектар. Ал, ауыл шаруашылығына жарамды қордағы жер көлемі – 6 116 мың гектар.

Суармалы жерлер алқабын ұлғайту мәселесін жергілікті билік басты назарға алынып отыр дейді.

Агроөнеркәсіп кешені саласындағы инвестициялық жобалар Жол картасының шеңберінде, биыл 8,7 мың гектар суармалы жерлерді айналымға енгізіп, жалпы ауданын 45,7 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланып отырғанын алға тартады облыстық ауыл шаруашылық басқармасы.

Ведомстваның мәліметінше, аймақта 430,7 мың ірі қара, 370,4 мың жылқы және 684,4 мың қой-ешкі бар. Осы мал басын қысқан қолайлы шығару үшін облыс бойынша 1 958,8 мың тонна шөп, 17,3 мың тонна сүрлем, 24,4 мың тонна пішендеме және 250 мың тонна сабан дайындау қажет екен. Жоспарланған мал азығы көлемін мерзімінде дайындау үшін 4532 шалғы, 3 107 бірлік тырнауыш, 1788 сырма және 987 пресс жинағыш жұмылдырылды.

Бүгінгі таңда 1 350 мың тонна шөп және 15,9 мың тонна пішендеме, 5,1 мың тонна сүрлем және 3,5 мың тонна сабан дайындалды.

«Биылғы жылы қалыптасқан қуаңшылыққа байланысты, кей өңірлерде шөп түсімі азаюы қажетті көлемді дайындауға қиындық туғызып отыр. Осы қалыптасқан жемшөп дайындау мәселелерін жедел шешу үшін аудан әкімдерінің орынбасары төрағалығымен өңірлік жұмыс топтары құрылған. Өңірлердің жұмыс тобы, шөп шабуды ұйымдастыру үшін мемлекеттік және орман қорының жерлерін бөлу бойынша жұмыс жүргізуде. Аудан әкімдіктерімен шөпті шет өңірлерге сатуға шектеу қою және бағасын шектен тыс көтермеу бойынша жұмыстар ұйымдастырылып отыр. Сонымен бірге, жеке шаруаларға шөп шабу үшін облыстың 3 орман шаруашылығының жалпы ауданы 21 мың гектар мемлекеттік орман қорынан, оның ішінде 2 мың гектар шабындық және 20 мың гектар жайылымды жалға алу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қоса, жайылымдарды ұтымды және тиімді пайдалану үшін ауыл шаруашылығы айналымына тарту және суландыру жөнінде шаралар жүргізілуде. Мал азығымен қамтамасыз ету және осы бағытта туындаған мәселелерді шешуді үйлестіру жөніндегі облыстық жедел штабтың тұрақты бақылауында», – дейді облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Фермерлер мұндай шаралар бір қыстың ғана шаруасын шешеді дейді. Қысқасы, шабындық пен жайылымға Үкіметтің жаны ашып, кешенді шаралар қолға алынбаса, ауыл азып, тозады. Ақиқаты – осы...

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Өзгеріс мүмкіндікті молайтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы заңға қол қойды. Бұл өзгерістер қарапайым пациенттерге не береді? Жалпы, жүйеге қалай әсер етеді? Медициналық сақтандыру саласындағы өзгерістерге қатысты сұрақтарымызға Қарағанды облысы бойынша «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ филиалының директоры Фазыл Копобаев жауап берді.

– Жаңа заңнамаға сәйкес жүйедегі негізгі өзгерістерді атап өтіңізші?

– Ең алдымен, халықтың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесімен қамтылуын арттыруға қатысты өзгерістерді айту керек. Бүгінде Қарағанды облысында 954,6 мыңға жуық адам сақтандырылған. Бұл – облыс тұрғындарының 84%-дан астамы. Алайда, 178 мыңға жуық адам жүйеден тыс қалып отыр.

Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес ресми тіркелген жұмыссыздар үшін жарналар республикалық бюджеттен емес, жергілікті бюджет есебінен төленетін болады. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқат деңгейі төмен (D және E) азаматтар үшін де жарна төлейді. Облыс бойынша бұл шамамен – 51 мың адам.

– Салмақ облыстық бюджетке түссе, жергілікті билікке қалай әсер етеді?

– Бұл әкімдіктердің халықты жұмыспен қамту бойынша жауапкершілігін арттырып, жұмыс орындарын ашуға, кедейлікті азайтуға және белсенді шаралар қабілдауға ынталандырады.

– Мемлекет тарапынан төленетін жарналарда өзгеріс бола ма?

– Қазақстанда мемлекет жеңілдігі бар 15 санаттағы азаматтар үшін жарналарды төлейді (балалар, зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар, жүкті әйелдер, студенттер және басқа санаттар).

2025 жылы жарна мөлшері – 2%, ал, 2027 жылдан бастап 2,2%-ға, 2037 жылға қарай 4,7%-ға дейін кезең-кезеңмен артады. Бұл ретте, қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін жарна мөлшері өзгеріссіз қалады.

– Азаматтар жарна төлеуді уақытша тоқтатса, мәртебесін жоғалта ма?

– МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекті қамтамасыз ету мақсатында жарналарды кемінде 5 жыл (60 ай) қатарынан төлеген азаматтар уақытша төлем тоқтаған жағдайда 6 ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтап қала алады. Қазір бұл мерзім – 3 ай. Алайда, бұл төленбеген кезеңдер үшін төлемнен босатылады деген сөз емес. Мысалы, егер азамат тұрақты түрде жарна төлеп жүрсе, бірақ, жұмысынан айырылып, табыссыз қалған жағдайда ол әлі де МӘМС аясында медициналық қызмет алады. Дегенмен, кейін бұл қарызды өтеуі қажет.

– Бірыңғай медициналық көмек пакеті ұғымы енгізілді. Жаңа пакет бізге не береді?

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында медициналық қызметтерге әділ әрі тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін Бірыңғай медициналық көмек пакетін қалыптастыру туралы айтты.

2026 жылдан бастап, онкологиялық ауруларға скринингтер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакетіне енгізіліп, сақтандырылу мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға тегін көрсетілетін болады.



Сондай-ақ, 8 әлеуметтік маңызы бар ауру, атап айтқанда, туберкулез, ВИЧ, вирустық гепатиттер мен бауыр цирроздары, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылулар, сирек кездесетін аурулар, миокард инфарктісі, инсульт бойынша кенес беру мен диагностикалық көмек те тегін көрсетіледі. Қазір мұндай көмек тек ВИЧ пен туберкулез бойынша ғана.

2026 жылдан МӘМС базалық пакетіне келесі қызметтер: амбулаторлық диализ, консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаторлық дәрілік қамтамасыз ету, жоспарлы түрде 12 топта созылмалы ауруларды бақылауда ұстау бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын көмек (мысалы, бауыр аурулары, қан және қан жасау жүйесінің аурулары, қалқанша без аурулары, буындар, омыртқа аурулары, сүт безінің ісіктері, жүрек ақаулары және басқалары).

– Мұндай ауқымды өзгерістер кезінде жүйенің қаржылық тұрақтылығы қалай сақталады?

– Иә, медициналық көмек көрсетудің негізі – қаржылық тұрақтылық екені анық. Осыған байланысты 2026 жылдың қаңтарынан жарна мен аударым есептелетін ең жоғары шек жаңадан белгіленеді: жұмыс берушілер үшін – 40 АЕК, қызметкерлер үшін – 20 АЕК. Бұл жүйенің тұрақтылығын сақтап, салық жүктемесін арттырмайтын ымыралы шешім деп ойлаймын. Осы өзгерістің нәтижесінде МӘМС жүйесінің кіріс бөлігі жылына шамамен 200 млрд теңгеге көбейеді деп күтілуде.

Қабылданған өзгерістер МӘМС жүйесін әділеттірек, тұрақты әрі қолжетімдірек етпек. Бұл – әрбір азаматтың әлеуметтік жағдайына қарамастан, сапалы медициналық көмек алуына бағытталған нақты қадам.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан,
Жансая ОМАРБЕК
«Ortalyq Qazaqstan»

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары аясында Қарағанды облысында 22 денсаулық сақтау нысанын салу көзделген. Оның ішінде, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар да бар.

Мәселен, соңғы жылдары өңірде бірнеше жаңа медициналық нысан пайдалануға берілді. Соның бірі – Нұра ауданының Кертінді ауылындағы жаңадан ашылған дәрігерлік амбулатория. Бүгінде ауыл тұрғындары аудан орталығына сабылмай-ақ, жергілікті жерде қажетті ем-домын алып отыр. Бұл – ауыл медицинасын дамытудың нақты көрінісі.

Сонымен қатар, қазіргі таңда облыста цифрлық медицинаның әлеуеті де артып келеді. Мекемелер электронды кезек, қашықтан кеңес беру, пациенттің электронды картасы секілді заманауи жүйелермен қамтылған. Әлі де облысқа жас дәрігерлерді тарту, баспана және әлеуметтік қолдау тетіктері қарастырылуда. Медициналық ЖОО түлектері шалғай ауылдарға барып, тәжірибе жинақтап жатыр.

Қарағанды облысында ауылдық жерлерде жұмыс істеп жатқан дәрігерлердің бірі Ахрор Усманов Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетін бітіріп, Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданына қарасты Ботақара кентіне жалпы практика дәрігері ретінде жұмысқа орналасты. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында келіп, қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілді және барлық қажетті әлеуметтік қолдауларды алды.

Тағы бір мысал, Сәнім Қапият Қарағанды медицина университетін бітіріп, туған жері Қарқаралы ауданына оралып, аудандық ауруханада хирург және анестезиолог-реаниматолог мамандықтары бойынша жұмыс істеуде. Ол да «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына қатысып, 5 миллион теңге көлемінде көтерме жәрдемақы алды.

Екі жыл бұрын Қарағанды медицина университетінде резидентураны сәтті аяқтады. Бүгінде хирург және анестезиолог-реаниматологтың. Оқуды бітіргеннен кейін туған жеріндегі ауру-



Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласында 15 710 адам еңбек етеді. Қазіргі таңда аймақта шамамен 6 400-ден астам дәрігер жұмыс істейді. Бұл көрсеткішпен облыс еліміздегі дәрігерлер саны бойынша Алматы (13 859) және Астана (9 937) қалаларынан кейінгі үшінші орында тұр. Халық санына шаққанда, Қарағанды облысында әр 10 000 тұрғынға 50,3 дәрігерден келеді.

ханада жұмыс істеуді шешті. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы жас мамандар үшін үлкен ынталандыру, – дейді Сәнім Қапият.

Дәрігерлердің тәжірибесі ауылдық жерлерде медициналық қызметтің сапасын арттыруға және маман тапшылығын азайтуға ықпал етті.

Өткен жылы Қазақстанда дәрігерлер тапшылығы 3 986 бірлікті құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 20%-ға аз. Орта медициналық персонал бойынша тапшылық 4 230 болды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға төмендеді деген сөз.

Ауылдық жерлерге жұмысқа барған дәрігерлерге 100 ЕТЖ (8,5 млн теңге) мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы төлейтін мүмкіндік те берілді. Сондықтан өткен жылы 254 дәрігер жалпы сомасы 2,1 млрд теңгеден астам төлем алды.

2021 жылдан бастап жыл сайын 600 медициналық маман жаңа технологиялар бойынша оқытылуда. Бұл шаралар кадрлардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған. Осыған ұқсас облыста қабылданған шаралар медициналық кадр тапшылығын

азайтуға және денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын арттыруға ықпал етуде. Өңірде медициналық кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыруда бүгінде жергілікті бюджет есебінен резидентурада 200 маман оқып жатыр. Бныл алғаш рет Қарағанды облысы әкімінің бакалавриатқа 20 гранты бөлінді. Мектептерде 94 медициналық сынып ашылғаны да облыс үшін үлкен олжа.

Облыста дәрігерлердің біліктілігін арттыру мақсатында шетелдік тағылымдамалар ұйымдастырылып тұрады. 2024 жылы 106 дәрігер Германия, Финляндия, Ресей, Испания елдерінде балалар нейрохирургиясы, кардиология және кардиохирургия, инсульт орталықтары, анестезиология – реаниматология, онкологиядағы нейрохирургия және басқа да салаларда тағылымдамадан өтті. Қарағанды облысында жүзеге асқан бұл шаралар дәрігер мамандарының тапшылығын азайтуға және денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын арттыруға ықпал етті.

Ресми деректерге сүйенсек, қазіргі уақытта Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласында 15 710 адам



еңбек етеді. Қазіргі таңда аймақта шамамен 6 400-ден астам дәрігер жұмыс істейді. Бұл көрсеткішпен облыс еліміздегі дәрігерлер саны бойынша Алматы (13 859) және Астана (9 937) қалаларынан кейінгі үшінші орында тұр. Халық санына шаққанда, Қарағанды облысында әр 10 000 тұрғынға 50,3 дәрігерден келеді. Облыстың денсаулық сақтау басқармасы ұсынған мәліметке сүйенсек, әсіресе Теміртау, Шахтинск, Саран және Балқаш қалаларында 162 жалпы практика дәрігерлері мен мамандар жетіспейді.

Дегенмен, соңғы екі жылда облыста медицина мамандарының тапшылығы 62%-ға төмендегені де байқалды. Бұл жетістікке әлеуметтік қолдау шаралары, жас мамандарға көтерме ақы төлеу, қызметтік тұрғын үй беру және шетелде біліктілікті арттыру бағдарламаларының арқасында қол жетті.

Бүгінде облыс дәрігерлер саны мен медициналық кадрларды тарту бойынша еліміздегі жетекші өңірлердің бірі. Болашақта тағы бірнеше денсаулық сақтау нысанын ашу жоспарланған. Нысандар медициналық қызметтердің сапасын көтеріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталады.

Сурет облыстық денсаулық сақтау басқармасынан

• ЖОБА

Қолайлы қаладағы оң қадам

Қарағандыда ерекше қажеттілігі бар азаматтардың өмірін жеңілдетуге бағытталған жаңа әлеуметтік бастама жүзеге аса бастады. Енді көпқабатты үйлердің жоғарғы қабатында тұратын арбаға таңылған жандар далаға кедергісіз шығып, жұмыстарымен айналыса алады. Бұл – инклюзивті қоғам құру жолындағы маңызды қадам.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, Қарағанды қаласында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған жаңа әлеуметтік жоба пилоттық режимде іске қосылды. Аталған бастаманың облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тапсырмасымен қолға алынған маңызды әлеуметтік қолдау тетігі екенін атап айту керек.

Жоба аясында заманауи Sano PTR 160 маркалы шынжыр табанды көтергіштер қолданысқа берілді. Бұл құрылғылар арбаға таңылған жандарды көпқабатты үйлердің жоғарғы қабаттарынан оңай әрі қауіпсіз түсіріп, қайта көтеруге арналған. Бұған дейін тұрғындар күнделікті серуенге шығу, дүкенге бару немесе дәрігерге көріну үшін туыстарының немесе көршілерінің көмегіне мұқтаж болатын. Кей кездері, тіпті, жедел жәрдем шақыру мүмкін болмай, төтенше жағдайлар қызметінің көмегі-

не жүгінуге тура келген жағдайлар да болған.

Облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндеталиевтің айтуынша, бұл мәселе қала тұрғындарымен кездесулерде бірнеше мәрте көтерілген. Соның нәтижесінде нақты шешім қабылданып, алғашқы құрылғылар орнатылды.

– Біреу сыртқа шығып, жай серуендегісі келсе, енді біреу жұмысқа немесе ауруханаға баруы мүмкін. Ең бастысы – әр азаматтың қозғалу құқығы мен қала өміріне толыққанды араласу мүмкіндігі болуы керек, – дейді Нияз Сүндеталиев.

Көтергіштер әмбебап, арбаның әр түріне бейімделе алады. Құрылғыларды арнайы дайындықтан өткен екі қызметкер басқарады. Бұл – қауіпсіздікті толық қамтамасыз ету үшін маңызды. Қызметті пайдалану үшін кемінде бір күн бұрын +7-771-981-68-11 нөміріне хабарласып, өтінім беру қажет. Өтінімде мекенжай, байланыс нөмірі және нақты



Сурет облыс әкімінің сайтынан

уақыты көрсетілуі тиіс.

Қазір жоба пилоттық кезеңде, мамандар тұрғындар тарапынан сұранысты, қажетті уақыт аралығын және қай аудандарда аса қажет екенін зерттеп жатыр. Бұл деректер жобаны кеңейтуге, қажет болған жағдайда қосымша құрылғылар алуға негіз бола мақ.

Кеншілер астанасында басталған жобаны мамандар техникалық шешім ғана емес, үлкен әлеуметтік серпіліс екенін айтады. Қоғамның барша мүшесіне тең мүмкіндік беру жолындағы нақты әрі маңызды қадам. Алдағы жылдары мұндай көтергіштер облыстың өзге қалаларына да жетіп, мыңдаған адамның өмір сапасын жақсартуға ықпал етпек.

• РЕСМИ

Балалардың несібесі молаяды

2025 жылдың басынан бері көпбалалы отбасылар мен наградталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы ретінде 354,5 млрд теңге төленді. Бұл көмекпен 856 мыңнан астам отбасы қамтылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тек шілде айының өзінде төлемдердің жалпы көлемі 49,7 млрд теңгені құрады. Оның ішінде көпбалалы отбасыларға – 43,1 млрд теңге, ал «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері мен басқа да наградталған аналарға – 6,6 млрд теңге сомасына 244,9 мың адам қамтылды.

Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді. Төрт баласы бар отбасылар ай сайын 16,03 айлық есептік көрсеткішке тең, яғни 63 030 теңге көлемінде жәрдемақы алады. Бес бала тәрбиелеп отырғандарға 20,04 айлық есептік көрсеткіш немесе 78 798 теңге. Алты баласы барларға 24,05 айлық есептік көрсеткішке сәйкес 94 565 теңге. Жеті балаға арналған жәрдемақы

мөлшері 28,06 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни 110 332 теңгені құрайды. Сегіз және одан да көп баласы бар отбасыларға әр бала үшін 4 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төлем қарастырылған. Бұл 15 728 теңгеге тең. Жәрдемақы барлық көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан тағайындалады.

Наградталған аналарға, яғни, «Күміс алқа» иегерлеріне – 25 165 теңге. «Алтын алқа», «Батыр ана» және «Ана даңқы» ордендерінің иегерлеріне 29 097 теңге беріледі.

Мемлекеттік жәрдемақы 4 және одан да көп бірге тұратын көмекетке толмаған балалары бар отбасыларға беріледі. 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Ел ертеңіне сенімді қолдау

Кейінгі жасалған статистикаға сүйенсек, аймақтағы 14-34 жас аралығындағы жастар саны 303 400-ге жетіпті. Сол жастармен тікелей жұмыс атқаратын – жастар ресурстық орталықтары. Облыс аумағында 14 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Біреуі облыстық деңгейде, қалған 13-і қала және аудан орталықтарында орналасқан. Штаттағы қызметкерлер саны – 203 адамды құрайды. Облыстық коммуникациялар қызметінің орталығында брифинг өтті. Баспасөз мәслихатында облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Айсұлу Ерниязова мен облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Асылан Кабегенов жауапты салаларда атқарылған жұмыстар турасында есеп берді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде NEET жастарға айрықша көңіл бөлінуде. Осы мақсатта ауаларды аралау жүргізіліп, соның барысында жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңес ұйымдастырылып, мемлекеттік бағдарламалар, кәсіптік білім алу, оқыту және қайта оқыту мүмкіндіктері туралы ақпарат беріледі екен.

Сонымен қатар, ауалар мен көшелерді аралау кезінде азаматтарды құжаттандыру, тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережелері, медициналық қызметтерді уақытылы алу үшін мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) төлеу мәселелері түсіндіріліп, қолданыстағы заңнама шеңберінде жан-жақты консультациялық көмек көрсетіледі екен.

Облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Айсұлу Ерниязова өңірде жастар істері жөніндегі кеңес қызметі жүйелі түрде жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

– Қалалық және аудандық әкімдіктердің жанында трақтың негізге консультативтік-кеңесші органдар, яғни, жастар істері жөніндегі кеңестер жұмыс істейді. Осы жылдың 2-тоқсанында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту жоспары аясында жастарды жұмыспен қамту, жастар арасында қылмыстың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау, жастар арасында шағын



және орта бизнесті дамыту жөніндегі бастамаларды қолдау мәселелері қаралды, – деді обыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Айсұлу Ерниязова.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында тұрғын үймен қамтамасыз етудің кешенді жоспарына сәйкес 2023-2027 жылдарға 470 пәтер бөлу жоспарланыпты. Жыл басынан бері 97 пәтер үлестіріліпті. Атап айтсақ, Балқаш қаласында 23, Приозерск қаласында 2, Саранда 23, Теміртауда 20, Шахтинскте 2, Абай ауданында 6, Бұқар жырау ауданында 17, Нұра ауданында 2, Шет ауданында 2 пәтер. Басқарма мамандарының дерегіне сүйенсек, «Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте 5 874 адам тұр.

Айсұлу Ерниязова басқарма талантты жастарға ерекше назар аударатынын атап өтті.

– Жыл басынан бері жастар мен жастар бірлестіктерінің зияткерлік және шығармашылық бастамаларына қаржылық қолдау көрсетуге бағытталған JAS Fund жобасы іске асырылуда. Жобаның жалпы қоры – 9 млн теңге. Жоба аясында өңірде stand-up әзіл кештері ұйымдастырылды. Сонымен қатар, талантты әрі талапты студенттер Нидерландыға Халықаралық робототехника турниріне қатысты. Шығармашылық жастарға поэзия бойынша шеберлік

сыныптары ұйымдастырылды. Ауыл оқушыларына болашақ мамандығын дұрыс тандауға көмектесуге бағытталған «Мамандықтың мәні» атты тренинг-кездесу өтті. Облыстық команданың құрамына мүгедектігі бар жастар еніп, республикалық әзіл-кештер байқауында жүлделі орын алды, – деді басқарма басшысы.

Жастарға арналған өңірлік ипотекалық бағдарлама жалғасын тапты. Бағдарлама 2022 жылы басталған. Әуелде бұған 1,5 млрд теңге бөлінді. 2023 жылдан бастап бағдарлама өңірдегі шағын қалаларды да қамтыған. Үш жыл ішінде бағдарлама аясында аймақ жастарына 334 ипотекалық қарыз берілген. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында өндірісте, энергетика және тасымалдау, ауыл шаруашылығы салаларының жас мамандарына да жол ашылған. Бұл қатарда құрылыс пен су ресурстарын қорғау саласының мамандары да бар. Биыл ең кемі 75 ипотекалық қарыз беру жоспарда бар.

Жоғары оқу орындарының түлектерін өндірістік практикадан өткізу және даярлаудың барлық мамандықтары мен бағыттары бойынша жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кәсіпорындармен, компаниялармен, фирмалармен, білім беру ұйымдарымен шарттық қатынастар, меморандумдар жасалған. Түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бағдарламалары әзірленген және бекітілген. Дуальды оқыту жүйесін іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда. Сонымен қатар,

түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесетін іс-шаралар жиі ұйымдастырылады.

Облыста «Жасыл ел» жобасы аясында жастарды маусымдық жұмысқа орналастыру табысты іске асырылуда. Бағдарламада жастарды әлеуметтендіру, еңбек құндылықтарын дамыту, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, патриотизмге тәрбиелеу сияқты маңызды міндеттер қамтылған. Облыс әкімінің тапсырмасын орындау мақсатында жастарды жобаға тарту жұмыстары жалғасуда. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда орындар саны 4820-дан жоспарланып, 4990-ға дейін өскен. Облыстың қалалары мен аудандарында жобаға бөлінетін қаржы мөлшері өскен.

Облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Асылан Кабегенов орталықтың негізгі міндеттеріне тоқталды.

– Орталықтың қызметі – жастарға психологиялық, заңгерлік көмек көрсетуге, жастар бастамаларын қолдауға, жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге, іс-шаралар ұйымдастыруға, ақпараттық қолдауға, жастар саясатын іске асыру мәселелеріндегі қажеттіліктерді талдауға бағытталған. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша, қалалар мен аудандардың жастар ресурстық орталықтары шамамен 3 мың іс-шара ұйымдастырып, 130 мыңнан астам адамды қамтыды, – деді Асылан Кабегенов.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ФОРУМ

Жастардың жарқын мерекесі

Таяуда Осакаров ауданында жыл сайынғы дәстүрлі «ProZhaStar-2025» жастар форумы болып өтті. Форумның басты мақсаты – жастардың әлеуметтік, шығармашылық және кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға қолдау көрсету, олардың қоғамдағы белсенділігін нығайту.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара аудан орталығындағы алаңда жастардың көңілді флешмобымен басталды. Ашылу салтанатына жиналған қауымды аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов құттықтап, жастардың аудан өміріндегі рөліне ерекше тоқталды. Бүгінде Осакаров ауданында сегіз мыңға жуық жастар бар. Олардың әрқайсысы еліміздің болашағы үшін маңызды ресурс деуге болады.

Форум барысында аудан әкімінің кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға арналған гранттарын табыстау рәсімі өтті. Биыл түрлі салада бастамашылдығымен, табандылығымен суырылып шыққан жеті жас кәсіпкер қолдау тауып, өздерінің бизнес-жобаларын жүзеге асыруға, жетілдіруге мүмкіндік алды. Атап айтқанда, «Инновациялық өндірістік жоба» номинациясы бойынша Дина Алина Осакаровка кентінде газ құю пунктін ашу жобасы үшін марапатталды. Бұл бастама аудан тұрғындарын сапалы газбен қамтамасыз етуге бағытталған. «Ауыл кәсіпкерлігіне қосқан үлесі үшін» номинациясы Құндызды ауылында азық-түлік дүкенін кеңейту арқылы ауылдағы сауданы жандандыруға кіріскен Ерлан Бөгембайға табысталды. Ал, «Балаларға арналған әлеуметтік маңызы бар жоба» ретінде Даяна Даниярованың өз ойын-сауық орталығын кеңейтіп, қосымша ойын автоматтарын орнату бастамасы мойындалды. «Кәсіби қызмет саласында жаңа бағыт» номинациясын Айнұр Журавлева жеңіп алды. Ол шашты кератинмен түзеуге арналған арнайы сұлулық кабинетінің қызметін қолға қоймақ. Келесі «Ұлттық мәдениетті қолдау» номинациясы Күнболат Нығметұлына берілді. Оның Нияз ауылдық округінде ашатын этноауылы отандық туризмді дамытуға үлес қосатын ерекше жоба болмақ.

«Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту» номинациясында Евгения Растворова модульді ғимаратта заманауи шаштараз салонын ашу жобасымен жеңіске жетті. «Жастар қолынан шыққан сапалы өнім» номинациясы Максим Ржевскийге бұйырды. Ол Осакаровка кентінде жиһаз жасауға арналған дәнекерлеу шеберханасын ашуды жоспарлап отыр.

Аталған жобалар – аудан жастарының табандылығы мен мемлекеттің жүйелі қолдауының нақты нәтижесі. Грант иелері болашақта жаңа жұмыс орындарын ашуға, экономиканы әртараптан-дыруға және ауыл инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қоспақ.

Форум аясында жастар арасында танымал «Жас Сұңқар-2025» сыйлығының иегерлері де марапатталды. Бұл сыйлық әр салада үздік нәтижеге қол жеткізген, белсенді әрі үлгілі жастарға беріледі. Жемімпаздар қатарында жас ұстаз, дәрігер, мемлекеттік қызметкер, мәдениет және спорт саласының өкілдері, үздік ерікті мен жас кәсіпкерлер бар.

Сонымен қатар, ағымдағы жыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануына орай, еңбек адамын ұлықтайтын арнайы марапаттар табысталып, «Жасыл ел» сарбаздары, үздік учаскелік полиция инспекторы және қоғамға белсенді үлес қосқан жастар ерекше ілтипатпен аталып өтті.

Мерекелік форум концерттік бағдарламасымен жалғасты. Жергілікті өнерпаздар ән мен биден шашу шашып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде #ProZhastar2025 хэштегімен сторис жариялаған белсенді жастарға арнайы сыйлықтар тарту етілді.

«ProZhaStar-2025» форумы – жастардың белсенді өмір салтын ұстануына, өз әлеуетін іске асыруына және ел болашағына сеніммен қарауына жол ашатын маңызды шара. Осакаров ауданы жастарының бұл басқосуынан кейін жарқын идеялар мен жаңа жобалар дүниеге келеріне күмәніміз жоқ.

Осакаров ауданы

• ӨЗЕКТІ

Тыныс алу мұң болды

Ел ішінде «ХМК» деп аталатын қала бөлігінде ағынды суларды жабу нүктесі жабылғанымен, сол арадағы санитарлық талаптар сақталмай тұр. Жеке сектор тұрғындарының айтуынша ассенизатор көліктері жүргізушілерінің қызмет көрсетуден бас тартқанымен, бір көлік кәріз суын сол араға бей-берекет төккен.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрмыстық кәріз суға қатысты шетін мәселе тұрғындардың шыдамын шегіне жеткізіп, тынышын кетірді. Салдарынан жағымсыз иіс жайлаған маң жұртшылығы дабыл қаға бастаған. Куоерлер жағымсыз жайтты бейнекамераға түсіріп, құзырлы мекемелерге шағымданды. Қазір мұнда дем алу мұң, есік-терезе ашу қауіпті іске айналды. Тұрғындар бірнеше рет жергілікті билікке шағымданып, санитарлық нормалардың өрескел бұзылып жатқанын айтқан. Бірақ, нақты шешім әлі күнге дейін қабылданған жоқ. Экологиялық талаптардың сақталмауы өз алдына бір мәселе болса, адам денсаулығына төнген қауіп – тіпті, ескерусіз қалғандай.

– Нәжіс суына қарық болдық! Балалар бар, карт адамдар бар дегендей. Тысқа шықсақ, тыныстай алмай қалдық. ХХІ ғасырда ғұмыр кешіп жатырмыз. Бұл жер енді тек жағымсыз иіс шығаратын аймақ емес, індеттің ошағына айналуы мүмкін. Бізді ешкім естімейтін сияқты. Мұндай бассыздыққа төзбейміз, – деді Федченко көшесінің тұрғыны Юлия Рудыко.

Алғашында ел арасында бұл лас суды ассенизатор көліктері төгіп кетті деген ұшқары пікір тараған еді. Алайда, соңғы деректер болжамды жоққа шығарды. Анықталғандай, нәжіс төккен ассенизатор

емес жеке меншік көлік болып шықты. Ассенизатор көлігінің жүргізушісі Дмитрийдің айтуынша жеке көліктерге бақылау күшеймеген.

– Бізде арнайы рұқсат құжаттары, тиісті маршрут бар. Кәріз суын белгіленбеген орынға төксеқ, айыпшұл салып, лицензиямызды тартып алады. Есесіне жеке меншік көліктер ешкімнен жасырынбай, ешкімнен қорықпайды. Күдікті көліктердің қашан қайда баратынын бақылап жатқан ешкім жоқ. Басты қауіп соларда, – дейді ол.

Тұрғындардың ашуының орынды екенін жергілікті билік тарабы түсінгенімен, жеке көлік иелерін бақылау тетіктері әлі де әлсіз. Қазір бейберекет төгілген нәжіс суының иісі ғана емес, соның салдарынан туындауы мүмкін жұқпалы аурулар тұрғындарды алаңдатып отыр. Тұрғындар осы маңға орталық кәріз жүйесін іске қосуды көп уақыттан бері сұраныс етіп келген. Берілген жауап – біреу. Қызмет көрсету құны тым қымбат болғандықтан, жакын арада түйткіл шешімін таппақ емес. Енді, халықтың талап-тілегі анық: заңсыз кәріз суын төккендерді тауып, жауапқа тарту, жаңа ағынды су қабылдау жүйесін іске қосу және санитарлық бақылауды күшейту.

«Эргономика» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Сергей Полещуктың айтуынша, аталған көше тұрғындары орталық кәріз жүйесіне қо-

сылмаған болса, су арнасы саласының құзыретті мекемелеріне шағымдануы қажет. – Құзыретті мекемелер өкілдері өз кезегінде бюджет немесе тарифтік қордан тиісті қаражат қарастырады. Әр тұрғын өркениет игілігін пайдалануға құқылы!



Сурет ашық жарықпен

ауырлығын толық түсінетінін ашық айтты. Ол тұрғындардың арыз-шағымдарын мұқият тыңдап, ассенизатор көліктерінің иелерімен кездесті. Осы кезде олар «Қарағанды Сумен» түзілген келісімшарт үлгісін ұсынды. Бұл құжат жағдайды реттеуге бағытталған алғашқы қадам болып көрінгенімен, іс жүзінде түйткілдің түпкі тамырын шешуге әлі де көп күш керек екені анық байқалды.

– Ассенизатор көліктерінің иелері «Қарағанды Сумен» түзілген келісімшарт үлгісін көрсетті. Түйткілді оңтайлы шешуді мұқият қарастыру қажеттігі тыңдап тұр. Тек заңсыз әрекет ететін көліктерді тауып, жауапқа тарту жеткіліксіз. Бізге қазіргі кәріз жүйесін жанарту, заманауи технологияларды енгізу, тұрғындарға қолжетімді және тиімді қызмет көрсету қажет. Бұл – тұрғындардың негізгі құқығы, – дейді депутат.

Қорыта келгенде, «ХМК» жұрты «өркениет» деп аталатын өрелі ұғымды кітаптан ғана емес, өз ауласынан да көргісі келеді. Әр есіктің арғы жағында бүлдіршіндер өсіп келеді, әр терезеден қарт кісілер үргедек үмітпен сыртқа телміре қарайды. Бірақ, сол үзім үміт әлі күнге дейін көлденең көлікпен келіп төгілген нәжіс суымен шайылып кетуде. Қарапайым бұқара халықтың тынысы қаралып тұр. Енді құзырлы органдар әрекетсіз қалмаса игі. Ойткені, қолқаны қапқан жағымсыз иіс жайлаған осы маңда сенім «шіріп» бара жатыр...

СУРЕТТЕ: күдікті көлік жүргізушісі кәріз суын рұқсат етілмеген жерге төгіп тұр

• МӘСЕЛЕ

Мемлекеттік тіл: мәртебе мен міндет

«Тіл – әр ұлттың жаны». Мемлекеттік тіліміз – қазақ тіліне деген құрмет тек мәдениетпен, салт-дәстүрмен шектелмейді. Бүгінгі күні ол – нақты заң нормаларымен бекітілген, құқықтық міндеттемелермен қорғалған жүйелі саясаттың өзегі. Әсіресе, құқық қорғау органдары сынды мемлекет пен азаматтың арасындағы алтын көпір рөлін атқаратын салаларда тіл саясатының дұрыс жүзеге асуы – егемен елдің келешегі үшін аса маңызды. ҚР Конституциясының 14-бабында ешкімді де ұлтты мен тіліне байланысты кемсітуге болмайды. Заң мен сот алдында бәрінің теңдігі туралы негізгі конституциялық қағидаттарды сақтамағаны үшін жауапкершілікті, мемлекетке азаматтардың тіліне, оның ішінде, азаматтардың тең құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруін қамтамасыз етеді. Бұл конституциялық қағидат «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы белгілейді.

Заң жүзіндегі нақты өзгерістер

2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, күшіне енетін жаңа заңнамалық өзгерістер бұл бағытта жаңа кезең басталатынын көрсетіп отыр. Атап айтқанда, құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзған жағдайда олар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл – бұрын-соңды болмаған шешім.

Осыған дейін «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның талаптарын орындамаған құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне (прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы және экономикалық тергеу қызмет органдары) тек тәртіптік жаза қолданылатын. Бірақ, бұл шаралар жеткіліксіз екені уақыт өте айқын көрінді. Себебі, азаматтардан мемлекеттік тілде келіп түскен өтініштерге жиі орыс тілінде жауап беріліп немесе құқықтық және әкімшілік құқық бұзушылық процестік заңнамаларындағы тілге қатысты нормалар өрескел бұзылып, оған қатысты соттар жеке қаулылар шығарып, Тіл туралы заңнаманы бұзған нақты адамдардың тәртіптік жауапкершілік мәселесін көтеруге құқықты адамдарға тікелей жолдайтын. Бұл – Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды өрескел бұзу ғана емес, азаматтың Конституциямен кепілдендірілген тілдік құқығын аяққа таптау.

Мысалы, Қостанай қаласында болған нақты оқиғаны келтірейік. Бір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қазақ тілінде жазбаша арыз жолдаған. Алайда, аталған орган оған орыс тілінде жауап берген. Бұл жағдайда азамат сотқа жүгініп, өзінің конституциялық құқығын қорғады. Нәтижесінде, апелляциялық сот азаматтың талабын толық қанағаттандырып, мемлекеттік органның әрекетін заңсыз деп тапты. Бұл – жеке бір адамның жеңісі ғана емес, мемлекеттік тілдің абайыры үшін маңызды қадам. Ең бастысы – бұл жағдай өзге мемлекеттік органдар үшін сабақ болуы тиіс.

Жоғарыда аталған құқықтық бастамалардың заң жүзінде бекітілуіне Мәжіліс қабырғасындағы нақты жұмыс пен ғылыми сараптамалар негіз болды. Атап айтқанда, заң жобасын әзір-



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

леу барысында, менің ұсынған салыстырмалы кестем мен тұжырымды ұсынымдарым ескерілді. Бұл ұсыныстар Парламент Мәжілісінің заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті деңгейінде жан-жақты талқыланып, жұмыс тобы аясында пысықталды.

Нәтижесінде, 2025 жылғы 10 қантарда қабылданған ҚР Заңның 1-бабы, 1-тармағына мынадай толықтыру енгізілді: «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 32-бабының екінші бөлігі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін» деген сөздердің алдынан «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын», – деген сөздермен толықтырылсын».

Осылайша, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әкімшілік жауапкершілігі көзделетін шектелген тізімге мемлекеттік тілді қолдануға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық та қосылды. Яғни, енді олардың мемлекеттік тілді елемей, жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту – жай этикалық мәселе емес, заңмен жазаланып, жалпы негізде әкімшілік жауапқа тартылатын болады.

Бұл толықтыру – ұзақ жылдар бойы азаматтық қоғам мен тіл жанышарлары айтып келген талаптардың нәтижесі.

Енді мұндай әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жа-

уапкершілік көзделіп отыр. 2025 жылғы 10 қантарда қабылданған заңға сәйкес, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінің (бұдан әрі – Кодекстің) 32-бабы, 2-бөлігі «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын», деген сөздермен толықтырылған. Бұл өзгеріске сай, егер азаматтық Кодекстің 75-бабы қорғалуына алынған қоғамдық қатынастар бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлері Тіл туралы заңнама талаптарын бұзса, бұл факт бойынша олар енді тәртіптік жауапкершілікке емес, ескерту немесе 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (39 мың 320 теңге) айыппұлмен жазаланады.

Сондықтан, әрбір азамат өз құқығын қорғау және қалпына келтіру үшін арызбен жүгінген кезде Кодекстің 807-бабы, 1-тармағы, 4-тармақшасына сәйкес, соттың Кодекстің 75-бабы бойынша істі хаттама жасамай-ақ, қарайтынын білуі де маңызды. Ол үшін Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервисі Сот кабинеті (<https://office.sud.kz/new/>) арқылы немесе сот кеңсесі арқылы барлық дәлелдемелеріңізді жинап, арыз беру қажет. Мысалы, көп жағдайда құқық қорғау қызметкерлерінің қазақ тілі – ана тілі болып табылатын азаматтарға қатысты хаттамаларды көп жағдайда орыс тілінде толтыруы орын алуда.

Осының салдарынан азаматтардың Кодекстің 738 (іс жүргізу тілі), 744 (Өзіне қатысты әкімшілік

құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға), 803 (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде іс жүргізудің тілі анықталады) баптарында көрсетілген құқықтары елеулі түрде бұзылуда.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері Кодекстің мына баптары сөзсіз орындалуын басшылыққа алуға міндетті, оларға:

9-бап. Тілі бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды; 444-бап. Өзіне қатысты ӨҚБТ бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға... істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға құқылы;

749-бап. Әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам іс жүргізіліп жатқан тілді білмесе; қорғаушының қатысуы міндетті;

803-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде іс жүргізу тілі анықталады;

818-бап. Іс жүргізу тілін айқындайды, мәлімдеме жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде ана тілінде немесе өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам өзі білетін басқа да тілде сөз сөйлеу, аудармашының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығын түсіндіреді;

822-бап. Қаралып жатқан іс бойынша іс жүргізу тілі көрсетілуіне тиіс;

827-бап. Іс бойынша шара қолданылып жатқанда тілді білмейтін адамға шағымды өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде беру құқығы қамтамасыз етіледі.

Азаматтық ар мен заң талабы

Бұл – құқықтық шара ғана емес, Тәуелсіз Қазақстанның саяси, мәдени және құқықтық деңгейінің көрінісі. Мемлекетіміздің болашағы қазақ тілімен тығыз байланысты екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет атап өтті. Президентіміз қазақ тілі – біріктіруші күшке айналуы тиіс екенін де баса айтқан. Ендеше, бұл бағытта бірінші кезекте мемлекеттік органдар, әсіресе, құқық қорғау құрылымдары үлгі көрсетуі керек.

Құқық қорғау органдары – халық пен биліктің арасындағы сенім жібін жалғаушы құрылым. Олардан қарапайым азамат заңдылықты, әділеттілікті, адалдықты күтетіні сияқты, мемлекеттік тілді құрметтеуді де талап етеді. Құқық қорғау органдарында қызмет атқаратын әр қызметкер мемлекеттік тілді білуге, түсінуге және қолдануға міндетті. Бұл – моральдық талап қана емес, заңдық міндет.

Тілді құрметтеу – ұлтты, елді құрметтеу. Бұл ортақ ұстаным болуы тиіс. Әсіресе, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін құқық қорғау органдары үшін мемлекеттік тілде жұмыс істеу – ұлттық қауіпсіздіктің де бір кепілі. Себебі, тіл – елді біріктіреді. Тіл – бірлік пен тәртіптің негізі. Ал, тәртіп – құқық үстемдігінің өзегі.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін заңнамаға енізілген өзгерістер мен толықтырулар – мемлекеттің өз тіліне деген шынайы қамқорлығының, заң алдындағы теңдіктің, және азаматтың құқығына деген құрметтің көрінісі. Енді бұл заңның орындалуы – уақыт еншісінде. Десе де, бұл тек заңгерлер мен судьялардың ғана жұмысы емес. Бұл – әр мемлекеттік қызметшінің және құқық қорғау қызметкерлерінің, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Қазақ тілінің құқығы – Қазақстан азаматының құқығы. Сондықтан, бұл заңның салмағын түсіну – баршамызға парыз.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,
заң ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы

• ЖИЫН

Білімнің жаңа бағдары

Осакаров ауданында білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз педагогикалық конференциясы өтті.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа оқу жылы қарсаңында өткен алқалы жиынға аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов, мәслихат депутаттары, облыстық білім басқармасының өкілдері, педагогика саласының ардагерлері мен аудан мектептерінің басшылары қатысты.

Конференция барысында 2024-2025 оқу жылының басымдықтары айқындалып, өткен жыл қорытындыланды. Аудан әкімі ұстаздарды оқу жылының басталуымен құттықтап, ауыл мектептерінің маңыздылығына тоқталды. Ол ауданның білім саласындағы кадр тапшылығы, тәрбиенің ұлттық негізде жүргізілуі, өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігі сынды өзекті мәселелерге назар аударды.

Облыстық білім басқармасының өкілі Гүлдана Нұрсұлтановна конференция бастауында үздік педагогтер мен мектеп басшыларын марапаттап, олардың білім беру сапасын арттырудағы еңбектерін ерекше атап өтті.

Тамыз мәслихатының биылғы тақырыбы – «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман». Бұл ұстаным қазіргі қоғам талабына сай білімді, тәрбиелі әрі бойына ұлттық құндылықтарды сіңірген тұлға қалыптастыру идеясын алға тартады.

Негізгі баяндаманы аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Динара Бекова жасап, білім саласындағы оң өзгерістерді атап өтті. Оның айтуынша, ауданда мектептер интернетпен толық қамтамасыз етіліп, оқушылар ыстық тамақпен және тегін көлік тасымалымен қамтамасыз етілген.

«Ulytau education» мектеп директорлары клубының мүшесі Макпал Мусипова ауыл мектептерінің әлеуеті туралы ой бөліссе, «Мектепаралық оқу-өндірістік комбинация» КМҚК директоры Елена Кашперко жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын атап өтті.

Осакаров ауданы

Табыс тапқанға тұсау жоқ

Бүгінде табыс табамын, адал еңбек етемін деген адамға кедергі жоқ. Талабың болса, болғаны. Әсіресе, «кәсіп ашамын» дегендерге үкімет тарапынан қолдау зор. Кәсіпкерлерге төмен пайызбен берілетін неселерді қамтыған бағдарламалар баршылық. Мұндай мүмкіндікті ауылдағы ағайын тиімді пайдалана алып отыр. Ауылды жерлерде өз-өзін жұмыспен қамтып, өзгенің де екі қолына бір күрек тауып беріп отырған азаматтар бар. Мәселен, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының дерегінше, былтыр кәсіпкерлікті қолдауға облыстық бюджеттен 3 278,4 млн теңге бөлінген. Соның ішінде, 1134 жаңа жоба қаржыландырылып, 1,7 мың ауыспалы жобаны субсидиялау жалғастырылған.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейінгі 3 жылда үлестірілген несиелер бұл күнде өз нәтижесін беріп отыр. Қаладан шалғай жатқаннан сылтауратпай, ауылда кәсіптің көзін тауып, үкімет тарапынан берілген қолдаумен кәсібін дөңгелетіп отырғандар жетерлік.

Солардың бірі – Талғат Өтегенов. 1994 жылға дейін құрылыста жұмыс істепті. Содан кейін, шағын шаруа қожалығын ашып, кәсібін

дөңгелеткен. 2023 жылы кәсіпкерлікке арналған шағын несие алып, Шет ауданының орталығында дүкен мен наубайхана ашқан.

– Бір малшы, сонымен қатар, наубайханашы, ал, дүкенде бір сатушы тұрақты жұмыс істейді. Сөйтіп, Шет ауданында үш адамды жұмыспен қамтып отырмын. Бұлардан бөлек, шөп шабатын кезеңде жұмыскерлерді жалдаймын. Олар да қомақты табыс табады. Бұл күнде алған несием өзін ақтап жатыр. Сауда бір ізге қойылды. Үкімет тарапынан жасалатын қолдау зор. Әрі қарай да



Сурет ашық дереккөзінен


кәсібімнің ауқымын кеңейтемін деген ниет бар, – деді Талғат Өтегенов. Талғат Өтегеновтің наубайханасы аудан орталығын ас атасымен қамтып отыр.

Ал, Акерке Амандыкова жұбайымен бірге әуелде Теміртау қаласында тұрған. Пандемия уақытында табыс табу қиындап, кәсіп ашу үшін Бұқар жырау ауданына қарасты Баймырза ауылындағы қарашаңыраққа көшіп барған. Акерке Амандыкова

– 33 жастағы көпбалалы ана. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайызбен ірі қара сатып алуға несие рәсімдеген. Бағдарлама қорынан берілген 8 млн 500 мың теңгеге 15 бас сауын сиыр алған.

– Бүгінде 15 сиыр сауып отырмыз. 3 жұмысшының – екеуі сауыншы, біреуі көмекші. Үшеуі де зейнет жасына дейінгі адамдар. Сиырдың сүтінен бөлек, ірімшігін, сары майын, қаймағын, айранын сатамыз.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

После смерти Сыздыковой Анар Ахметовной умершей 09.04.2025 г. открыто наследственное дело, всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Тлеуберганову Т.А. по адресу: г.Караганда, ул. Ержанова, дом 16, каб 204. тел: 8-701-588-68-63.

• СПОРТ

Қайсарлықтың өлшемі

Елімізде Спорт күні дәстүрлі түрде тамыз айының үшінші жексенбісінде аталып өтетіні белгілі. Осыған орай Нұра ауданының әкімдігінде салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Шараға аудан әкімі Бақытжан Мұқанов, ұлттық спорт түрлерінен жеңімпаз атанған спортшылар, ардагер жаттықтырушылар қатысты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты рәсім барысында ауданымыздың намысын абыроймен қорғап жүрген спортшылар мен ұлттық спорттың дамуына үлес қосқан ардагер жаттықтырушылар марапатталды. Олардың қатарында аударыспақтан бірнеше дүркін чемпион атанған Еркнат Тайжанов, бес асықтан облыстық және республикалық жарыстардың жеңімпаздары Арзангүл Чуутан мен Маржангүл Бердкей, тоғызқұмалақты жас талант Жанерке Қуандық, сондай-ақ, аудандық спорт мектебінің ардагер жаттықтырушылары Геннадий Баранов, Құсайын Нүкүшев және Нұралы Намысов болды.

Аудан әкімі салтанатқа жиналғандарды құттықтай келе, спортшылардың табандылығы мен жетістіктеріне ерекше тоқталды.

– Спорт – денсаулықтың кепілі ғана емес, ол – рухтың, жігердің, қайсарлықтың өлшемі. Сіздердің әр жеңістеріңіз Нұра ауданының абыройын асқақтатып қана қоймай, жас ұрпаққа үлгі болып келеді. Біз әрдайым сіздерге қолдау көрсетеміз. Алдағы уақытта да жаңа жетістіктерге жетіп, өңірдің, елдің намысын абыроймен қорғай берудеріңізге тілектеспін, – деді Бақытжан Мылтықбайұлы.

Шара барысында өңір басшысы спортшылармен еркін әңгімелесіп, олардың жоспарларын біліп, арман-мақсаттарын тыңдады. Ол адал еңбек пен табандылық арқылы жас буын өкілдері үлкен белестерді бағындыруға болатынын атап өтті.

Іс-шара соңында үздік спортшылар мен жаттықтырушыларға Алғыс хат пен естелік сыйлық табысталды.

• ӨНЕР ӨРІСІ

Ұшқыр ой һәм шеберлік

Қарағандылықтар үшін Орталық саябақ демалыс орны ғана емес, экологиялық тәрбиенің де жаңа алаңына айналып отыр. Жақында мұнда ерекше мүсін – қоқыстан жасалған піл көпшіліктің назарына ұсынылды. Бұл экологиялық арт-нысан қалдықтардың да екінші өмірі бар екенін көрсетіп қана қоймай, тұрғындарды экологиялық жауапкершілікке шақырады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Піл мүсіні қарапайым топиарлық пішіннен бастау алып, толықтай өзгеріп, екінші рет өмірге келген. Оған 10 мыңға жуық түрлі-түсті суусын қақпақтары, ондаған пластикалық бөлшектер, темір құтылар мен басқа да тұрмыстық қалдықтар қолданылған. Автор әр қақпақтың өз тарихы

Абай әлеміне саяхат

Қарағанды қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағында қазақ руханиятының темірқазығына айналған ұлы акын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Ұлылардың ұлысы – Абай» атты ерекше форматтағы иммерсивті поэзия кеші өтті. Шараны Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана ұйымдастырды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш Абай мұрасын кеңінен насихаттап, жас ұрпақтың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру, оның шығармаларындағы терең мағынаны жаңа көзқараспен ұғындыру мақсатын көздеді.

Ашық аспан астында өткен бұл шара – тың форматымен, мазмұнды бағдарламасымен ерекшеленді. Оған Арқаның зиялы қауым өкілдері, жас ақындар, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері, №104 гимназияның оқушылары, әскери бөлім сарбаздары, қала қонақтары қатысты.

Поэзия кешінде бірнеше мазмұнды алаң жұмыс істеді. Атап айтсақ, «Абайдың ән әлемі» атты алаңда ақынның әндері, сөзіне жазылған туындылар әуелеп, көрермен жүрегіне жол тартты. «Көзімнің қарасы», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Әсемпаз болма өрнеге» сынды өміршең әндер көпшілікпен бірге орындалды.



Ал, «Қара сөз кеңістігі» алаңында Абайдың қара сөздерін оқушылар көрерменге терең ой салса, «Абай оқулары» аталған еркін микрофон алаңында жастар өздері таңдаған хакім шығармаларын жатқа оқып, жүрек төріндегі әсерімен бөлісті.

Мұнда сарбаздар, мектеп оқушылары, кеш қонақтары және демалыс саябағында серуендеп

жүрген қала тұрғындары еркін микрофонды пайдаланып, хакім өлеңдерін жатқа оқып, мәре-сәре болғанын атап айту керек.

Сонымен қатар, «Тапқыр болсаң, тауып көр!» атты интерактивті-викториналық ойын қатысушылардың Абай өмірі мен шығармашылығына қатысты білімдерін сынап, зияткерлік бәсеке алаңына айналды.

Одан бөлек, кеш барысында Н.Гоголь кітапханасының қызметкерлері тарапынан көрермендерге Абай мұрасын көзбен көруге мүмкіндік беретін сахналанған Абай бұрышы мен «Кеменгерліктің биік шыңы – Абай» атты кітап көрмесі де ұсынылды. Мұнда ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылығы және замандастары мен зерттеушілерінің еңбектері қойылған.



Сонымен бірге, акын, облыстық «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» мүшәйрасының жүлдегері Таңсәуле Әгенқызының өлеңдері көрермен көңілінен шықты. Теміртау қаласынан келген «Ақ қауырсын» әдеби клубының мүшелері де өз өнерін ортаға салып, Абайға арнаған туындыларын оқыды.

Кеш соңында белсенділік танытып, ерекше көзге түскен қатысушылар ұйымдастырушылар тарапынан Алғыс хат, естелік сыйлықпен марапатталды.

Аталған поэзия кеші – ұлы ойшылдың өнегелі жолына тағзым, рухани жаңғыруға бет алған ұлттың жарқын айғағы. Абай ілімі – өткенді білуге және бүгінгі күні талмай еңбек етіп, болашақтың шамшырағы болуға жетелейтін сарқылмас бұлақ.

Бұл әдеби кеш жастарды Абайды жаңа қырынан тануға, оның шығармаларына қайта үңілуге, өмірлік ұстанымына айналыдыруға шақырған мәнді бастама болғанын атап өткен жөн.

Сурет ұйымдастырушылардан


• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Аделинаның алтыны

Жерлесіміз Аделина Земс Ташкентте өткен халықаралық «Silk Road to Tokyo» WA Continental Tour Bronze турнирінде 400 метрге кедергілермен жүгіруден алтын медаль жеңіп, еліміздің көк байрағын желбіретті. Бұл долада еншілеген алтын – оның халықаралық деңгейдегі ірі жеңістерінің бірі болып, қазақ спортшыларының қайратын тағы да айқын дәлелдеді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған турнирге Азия мен Еуропаның 20-дан астам елінен



Сурет ашық дереккөзден

жүзден аса дүлдүлдер қатысып, жоғары деңгейде бақ сынады. Бұл жарыс – әлем чемпионатына рейтингтік ұпай беретін аса маңызды сындардың бірі. Сондықтан, Аделинаның жеңісі оның жеке спорттық мансабына ғана емес, Қазақстан жеңіл атлетикасының абыройына қосылған зор үлес болды.

Жалпы, жарыста Қазақстан спортшыларының қоржынына екі алтын, төрт күміс және екі қола медаль түсті. Бұл нәтиже – ұлттық құраманың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді.

Бұл бастама экологиялық мәдениеттің ұранмен емес, нақты іспен қалыптасатынын айғақтайды. Қалдықтарды сұрыптау, тұрмыстық заттарды қайта пайдалану, табиғатқа ұқыпты қараудың барлығы күнделікті өмірде әр адам жасай алатын қарапайым, бірақ, маңызды қадамдар.

Піл мүсіні – осы идеялардың нақты көрінісі. Ол қалалық кеңістікті көріктендіріп қана қоймай, адамдарды ойлануға, әрекет етуге итермелейді.

Піл мүсіні экологиялық ағартушылықтың, тұрақты дамудың үлгісі ретінде қала бермек. Табиғатты қорғау – ортақ міндет.

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

Түзелу жолындағы турнир

Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты мекемелерде бұрын-соңды болмаған тарихи оқиға орын алды. Конституцияның 30 жылдығына орай, жазасын өтеушілер арасында алғаш рет шағын футболдан аймақтық турнир ұйымдастырылды.

Бұл игі шара №29 түзету мекемесінің стадионында өтіп, еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесінде саламатты өмір салтын дәрiптeудiң тың үлгiсiне айналды.

Турнирге Қарағанды облысындағы төрт түзету – №29, №30, №31 және №35 мекемелерінен жасалған командалар қатысты. Әр команда құрамында түрлі жастағы, әртүрлі қылмыстар үшін жазасын өтеуші азаматтар болды. Бұл жолы оларды әділ ойын, командалық рух және жеңіске деген жігер біріктірді.

Ойындардың әділ әрі кәсіби деңгейде өтуіне турнирдің ұйымдастырушысы ретінде «Жігер» стадионының директоры, бірінші санаттағы футбол жаттықтырушысы және Абай қаласының кәсіби футболшылары атсалысты. Олар төрешілік жасап, қатысушылардан кәсіби кеңесін аямады.

Футбол додасының басты мақсаты – сотталған азаматтардың бойындағы оң өзгерістерді қолдау, оларды салауатты өмір салтына баулу, тәртіпке бейімдеу.

Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша ҚАЗ департаменті мен арнайы прокурорлар тарапынан бастаманы қолдау шараның жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті. Бұл – пенитенциарлық жүйеде тәрбие жұмыстарының сапасын арттырудағы маңызды қадам.

Турнир соңында үздік ойын көрсеткен командалар мен ойыншылар марапатқа ие болды.

Өз тілшімізден

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың м.а.
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 478

№92 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН